

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫНА ЕНУДЕГІ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ

PROBLEMS OF OCCURRENCE OF KAZAKHSTAN
IN THE WORLD TRADE ORGANIZATION

Қамысбаев М.Қ.

M.K. Kamysbayev

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Мақалада Қазақстанның дүниежүзілік сауда ұйымына енудегі проблемалары қарастырылған. Ауыл шаруашылық өніміне баға қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі зерттелген. Мемлекеттің қазіргі кезеңдегі сыртқы сауда саясатының маңызды міндеттері анықталған.

Қазақстандағы АӨК реформалауда шетел тәжірибесін есепке алу оны сол қалпы көшірмелеуді білдірмейді. Отандық АӨК бар жетістіктерге әлемдік аграрлық өндірістегі барлық тиімді және жақсыны синтездеу қажет. Қазақстан елінде 2008 жылы 2009-2011 жж арналған ҚР агрөнеркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары қабылданды. Осы іс шараларға сәйкес агроөнеркәсіптік кешенде ауқымды мәселелер шешілді.

Талдау жасайтын болсақ 2009-2011жж арналған ҚР агрөнеркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары көрсеткіштері бойынша 2009-2011 жж бюджеттен бөлінетін қаражаттарды көлемі 2009 жылы 117583,5 млн теңге болса, 2011 жылы 133482,7 теңгеге өскен, немесе жалпы өсім 13,5 пайызды құрады. Сонымен қатар, республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражаттар көлемі де тиісінше 10,1 және 8,5 пайыздарға өскен. Ал басқа көздерден бөлінетін қаражаттарға келетін болсақ, олардың көлемі осы есепті кезеңде 2 есеге өскен, бұның себебі бірінші кезекте болашақта ауыл шаруашылығы өндірісі нарығының бәсеке қабілеттілігі артуына сәйкес инвесторлар тартылған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаруды кеңейту өнімге сұранысты арттыру арқылы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдаудың бір тәсілі нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің тиімділігін арттырып, инвестицияны өзіне тартады.

Экспорттаушыларды мемлекеттік ынталандыру шаралары: инфрақұрылымды дамытатын тасымалдау шығындарын төмендету, өнімнің әлемдік стандартқа сәйкестігін тексеретін сертификациялық процедураларды жүргізу, өнімнің дүниежүзілік сауда нарығында алға жылжуына әсер ету. Экспорттық несиелерді мемлекеттік кепілдендіру – маңызды шара.

Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес Қазақстан имплементационды кезеңнің соңындағы шеттен әкелінетін баж мөлшерлемесін және тарифтерді байланыстырудың шектік деңгейінен жоғары асыруға болмайтын тарифтік мөлшерлемені байланыстыруды міндетіне алуы керек. Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына қосылуы жөніндегі алғашқы деңгейінің орташа мөлшерлемесі 48% көлемінде және байланыстырудың соңғы деңгейінің мөлшерлемесі 37% болып қарастырылған.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі елдегі ішкі сауда саясаты шарттарының өзгеруіне және оның осы ұйым талаптарына сәйкес қалыптасуына әсер етеді. Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енетін елдерге қойылатын талаптардың бірі сол елдің сауда нарығына оңай қол жеткізу үшін ашық экономика жағдайын арттыру [1]

Қазақстан ұсынып, талқылауға салынған тарифтердің байланыстыратын мөлшерлемесі қазіргі уақыттағы тариф мөлшерін асып түседі. Бұл Дүниежүзілік Сауда

Ұйымының басқа мүшелерімен салыстырғанда Қазақстандағы кеден бажының төмен мөлшерін басқа елдердегідей жоғары деңгейге көтеруге байланысты. Сондықтан Қазақстан осы елдермен сәйкес келетін кеден қорғанысының деңгейіне қол жеткізгісі келеді. Бірақ Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше елдер әрекет етіп отырған мөлшерлемені (14%) сақтап қалуды және болашақта имплементационды кезең барысында мөлшерлеменің 36%-ға дейін қысқартылуын талап етеді.

Шеттен әкелетін кеден бажының мөлшерлемесін төмендетудің максималды шегін анықтауда Қазақстан саралы жолды таңдауы тиіс. Импорт көлемі аса маңызды емес сезімталдығы төмен топтар жоғары дәрежеде қысқаруға ұшырайды. Сезімталдығы төмен тауарларға тірі жануарларды, жануартекті азық-түліктерді, өсімдік шырыны мен сығындыларын, өсімдіктекті өнімдерді жатқызуға болады. Кеден тарифтерінің аз дәрежеде төмендеуіне тауарлардың әлдеқайда сезімтал тобы ұшырайды. Мысалы: ет және ет өнімдері, қант, өсімдік майы, шарап, спирт.

Дүниежүзілік Сауда Ұйымы келісім-шартында тарифтік эскалацияға қарасты ережелер қарастырылмаған. Қазақстанда кең етек алған бұл құбылыс қайта өңделген өнімдерді шикізаттың вариациялық тарифі көмегімен тарифтік қолдампаздықты реттеу үшін қолданылуы мүмкін. Келісім-шарт талаптарын орындау үшін екі мөлшерлемелі үлестірімелі тариф жүйесі қолданылады. Негізгі азық-түлік түрлерінің ішінде Қазақстанның картоп, жұмыртқа, жұмыртқа өнімдері импортының үлесі ішкі тұтынудың 5%-нан аспайды. Аталған талаптарға сәйкес Қазақстан бұл өнімдермен саудаласудың ырықтандыру дәрежесін көтеруге мұқтаж болады.

Қазақстан кезеңдік жұмыстарды жүргізудегі өз міндеттерін анықтау керек. Қазақстандағы негізгі өндіріс қорларының үнемі қысқаруы толық жабдықталу деңгейіне жетуіне кедергі келтіреді. Қордың жаңару коэффициентінен қордың әкету коэффициентінің үнемі басым болуына байланысты негізгі капитал азайып отырады.

Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енудегі басты шарттардың бірі – мүше-елдер ақпаратқа қол жеткізу, пікірталасу т.б. жағдайлар туындағанда белгілі бір қорғану процедураларына ие болу құқығына қол жеткізетін міндеттерді қабылдайды.

Жалпы Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен азық-түлік өндірісін талдау барысында біздің ДСҰ мүше болуымызды қарастыруымыз керек. Қазіргі кездегі АӨК қаржы-несие қатынастары қалай, ДСҰ мүше болғанда қалай болмақ деген сұрақтар төңірегінде ой қозғауымыз керек.

Қазақстанға ДСҰ мүше болу экономиканы әртараптандыру үшін қажет. ДСҰ ережелері шеңберінде өндірісті дамыту, өнімдерді сыртқы рыноктарға өткізуді, отандық өнімді шетке шығарушыларды қорғау мәселелерін жүргізу талап етіледі. Айта кететін бір мәселе ДСҰ кіру жағдайында біздегі аграрлық саясат құрылымдық шараларға бет бұруы керек: Мысалы, инфрақұрылымдарды (жол тізбектері, сумен қамтамасыз ету, байланыс т.б.) дамытуға, өндірушілер үшін нарықтық ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету, АӨК-нің барлық салаларына инвестиция салуға қолайлы жағдай туғызу. Олар АӨК қаржы-несиелік қатынастарды ДСҰ қосылу барысында жетілдіруге жағдай туғызады, ДСҰ талаптарына қарсы келмейді және аграрлық сектордың бәсекелестік қабілетін жоғарылатуға бағытталған:

баға белгілеу саласында – «Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімдеріне бағалар тепе-теңдігі туралы» Заң қабылдау; астықты, мақтаны форвардтық мәмілелер бойынша мемлекеттік сатып алуды қалпына келтіру (кеңейту);

несиелендіру саласында – қысқа мерзімді (ағымдағы шығындарға) және ұзақ мерзімді (негізгі қорларды толықтыруға) несиелендіруді қалпына келтіру; ипотекалық несиелендіруді енгізу; жеке қосалқы шаруашылық дамыту үшін микронесиелендіру шараларын дайындау;

лизинг саласында – техникаға лизинг мерзімін тозғанға дейін ұзарту, бірінші жарнаның мөлшерін 8-10%-ға дейін төмендету; кеден баж салығын және лизинг операциялары салықтарын төмендету; лизинг операцияларын жүргізетін ұйымдарға

бірінші жылда алатын пайдасына салық мөлшерлемесін 90%-ға, кейінгі жылдарға 50%-ға төмендету; және т.б.

АӨК салаларының әлемдік рынокта бәсекелестік қабілетіне байланысты және олардың бәсекелестік әлеуетін кеңейту мүмкіндігіне қарай АӨК-нің барлық салаларын үш негізгі топтарға бөлуге болады:

- бірінші топ – азық-түлікті шетке шығаруға бағдарланған және тамақ өнімдерін сыртқы рынокта сату үшін өндіретін салалар;

- екінші топ - әлемдік рынокқа өнімдердің бәсекеге қабілетті түрлерін өндіру үшін, тиісінше, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеті бар салалар;

- үшінші топ – негізінен халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету және ішкі рынок сұранымын қанағаттандыру үшін азық-түлік тауарларын өндіруге бағдарланған салалар;

АӨК мемлекеттік қолдау шектеулі екенін және ДСҰ ережелерімен қатаң реттелетінін ескере отырып, азық-түлік рыноктарының жасырын формаларын қолдауды дамыту мен реттеуге маңызды орын беру керек. Әсіресе, көтерме сауда инфрақұрылымдары мен азық-түлік рыногын дамытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Олардың даму деңгейінен, көп жағдайда, отандық азық-түліктердің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілеті байланысты болатын белгілі [2].

Әлемдік шаруашылықтарды қайта қалпына келтіру өндіріс пен халықаралық еңбектің бөлінуімен, ұдайы өндірістің жиынтық процесіне жаңа елдердің тартылуымен, әлемдік сауданың экономикалық өсудің бірден-бір маңызды факторына айналуымен және халықтың әр түрлі тауарлар мен қызметтерге қажеттілігін қанағаттандырумен заңдылықтармен алдын-ала анықталған.

Бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын факторлар – экономикалық әлеует және экономиканың өсу қарқыны; өндіріс тиімділігі; халықаралық еңбектің бөлінуінде қатынасуы; ішкі рыноктың серпінділігі мен сыйымдылығы; ғылым мен техниканың даму деңгейі, техникалық жетістіктерді игеру қарқыны; қаржылық жүйенің айқындылығы мен икемділігі; экономиканы мемлекеттік реттеудің ықпалы; еңбек ресурстарының біліктілік деңгейі мен олармен қамтамасыз етілуі; әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси ахуал.

Бәсекелестік қабілеттің жоғары деңгейі экономикалық бизнестің дамуымен, әлемдік сұраныстың дамуына экономиканың және оның құрылымының бейімделуімен; ұлттық мамандандыруды анық таңдауымен; қатаң және мәні жоқ бәсекелестік күрестен бас тарта білумен; жаңа тауарлар шығаруға тез өтумен; жаңа рыноктарды игерумен; әлемдік сұраныстың ғаламдық құрылымын білумен және қажетті бағытта белсенді қалыптасуымен сипатталады.

Әлемдік тауарлы рыноктардың пайда болу саласы және ішкі баға белгілеу құн заңымен сипатталады. Сонымен бірге, бағаларға басқа да көптеген факторлар әсер етеді: сұраныспен ұсыныстың ауытқуы, рыноктарды монополиялау, бағаны мемлекеттік негізде реттеу, инфляция және т.б.

Әлемдік рыноктарда құн заңы тек үрдіс ретінде жұмыс істейді: сұраныс ұсыныстан жоғарылаған жағдайда тауар бағалары өседі, ал сұраныс азайған жағдайда – төмендейді.

Мемлекет тауар өндірушілерге баға деңгейін елдің ішкі рыногында жоғары ұстап тұруға жәрдемдеседі, сыртқы рыноктарда экспорттық тауарлардың бәсекеге қабілетін арттыру үшін оларға баға деңгейін төменірек қояды.

Ішкі рынокта бағаны реттеу өндірушілерге бағаның белгілі деңгейде тұруына кепіл беру жолымен және өндіріс шығындарына демеуқаржы бөлу арқылы іс жүзіне асырылады.

Сыртқы экономикалық қызметті реттеу үшін айқын жолға қойылған ішкі экономика қажет, олай болмаған жағдайда сапалы сыртқы экономикалық қызмет мүмкін емес.

Жалпылама қорыта айтқанда мемлекеттік реттеуді мына төмендегі топтарға бөлуге болады: сыртқы сауданы басқарудың және реттеудің экономикалық құралдары; кеден баждары, кеден алымдары, шекаралық теңестіру салықтары, акциздер мен дамыған ішкі салық салу, ішкі тауар өндірушілерге демеуқаржылар; реттеудің әкімшілік әдістері:

шығындар және экспорт пен импортты шектеу, әкелу мен шетке шығаруды лицензиялау және үлестеу, экспортты өз еркімен шектеу; саудадағы техникалық тосқауылдар; стандарттар мен техникалық мөлшерлер, стандарттарға сәйкестігін анықтау әдістері; қауіпсіздік ережелері мен нормалары; тауарларды сертификаттау жүйелері; санитарлық-ветеринарлық нормалары мен денсаулық сақтау нормасы және т.б.; ұлттық шетке шығарушыларға сәйкес келетін және шетке шығару үшін тауар өндірушілер өлшемдері; валюталық-қаржылық өлшемдер – есепті банк мөлшерлемелерін икемдеу, ұлттық валюталық бағамен жоғарылатуға немесе төмендетуге бағытталған іс-әрекет; несиелік механизмдерді пайдалану; сауда-сартық және басқа да осындай елдің сыртқы саудасын дамыту үшін құқықтық жағдайлар қамтамасыз етуге қаражаттар.

Қазақстан аграрлық азықты таза - шеттен әкелетін дәстүрлі ел болып табылады. Осыны ескере отырып, ДСҰ кіру агроөнеркәсіптік сектордағы ахуалды ауырлатады деп біржақтама қорытуға болмайды. Осы сектордағы ДСҰ кіргеннен кейінгі зияндар мен артықшылықтарды бағалау сараланған тәсілді қарастырады: шеттен әкелу тарифін (белгіленген бағаны) төмендету, ең алдымен, бюджет табыстарында көрініс табады (тауар өндірушілердің жағдайында емес); сонымен бірге заңшығарушылықты үйлестіру отандық аграрлық аық-түлікті шетке шығарушыларға қолдау көрсетуі мүмкін.

Ішкі және сыртқы рыноктарға бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өндірісін басқаруда сол рыноктардың талаптарын жақсы білуіміз керек. Қазақстан ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту проблемаларын шешу тек ауыл шаруашылығы экономикасын қайта құрылымдау, банкроттыққа жіберу жолдарымен шешіле қоймайды. Шаруашылық жүргізудің тиімді формаларын дамытуға бағытталған стратегия қажет. Осыған байланысты экономикалық ғылым мен тәжірибеде маңызды міндет болып адамның еңбек ету қызметінде материалдық механизм құру қала береді. Олай болмаған жағдайда аграрлық өнім өндірісін басқару да, дамыту да мүмкін емес.

Біздің зерттеулер, тарифтеу процесі мен белгіленген бағаларды байлап қою рыноктарға қол жеткізуді барлық уақытта қамтамасыз ете бермейтінін көрсетті. Ішкі рынокты қорғау үшін мемлекет ДСҰ талаптары жүйесінен әр түрлі іліктерді пайдаланады.

Іс жүзінде барлық елдерде, ДСҰ мүше елдерінің бәрінде тарифтермен байланысты болған мөлшерлемелердің мәні ауыл шаруашылығы тауарлары үшін өнеркәсіптік тауарларға қарағанда жоғары. Мысалы, Үндістанда бұл көрсеткіш, тиісінше, - 124,3 және 59,0%, жалпы алғанда – 67,4%; Польшада – 52,8 және 10,6%, жалпы – 19,9%; Кореяда – 62,2 және 11,4%, жалпы – 18,3%; Норвегияда – 123,7 және 3,4%, жалпы – 26,0%; Түркияда – 63,9 және 40,7%, жалпы 44,1%.

Тарифтердің қолданыстағы мөлшерлемелері қатты бидайға оның құнына пайызбен белгіленген: Аргентина мен Бразилия үшін – 13; Чили мен Қытайда – 11; Латвияда – 25; Ресей мен Беларусьта – 5; Қазақстанда – 1; Украинада – 15; Венгрияда – 41; Польшада – 20. Мал шаруашылығы өнімдеріне шеттен әкелу тарифтің орташа мөлшерлемесі де оның құнына %-бен белгіленген: Аргентина үшін – 13,7, оның ішінде сүтке – 17, сиыр етіне – 13; Қытайда – тиісінше, - 46,6; 25 және 25; Ресей, Беларусь және Қазақстанда – 10,5; 15,0 және 15,5; Украинада – 19,3; 20,0 және 20,0.

ДСҰ талаптарына сәйкес өңірлердің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту бағытында заң шығарушылық қызметті жетілдіру керек, өңірлердің халықаралық нормалар мен ережелерді орындауын және елдегі өңірлік саясаттың нормалары мен принциптерін дайындауды ДСҰ нормалары мен принциптеріне сәйкестендіру қажет. Бүгінгі таңда, экономиканың жаһандануы мен әлемдік сауданың ырықтануы жағдайында, мемлекеттік сыртқы сауда саясатының маңызды міндеті болып елдің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту саналады.

1. Кужиев Б.С. Қазақстандағы ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық тауарларын шығарушыларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету//КазЭУ хабаршысы, 2008, № 3

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 – 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары.

В статье рассмотрены проблемы вхождения Казахстана во Всемирную Торговую Организацию. Изучен зарубежный опыт ценообразования сельскохозяйственной продукции. Определены главные задачи государственной внешнеторговой политики на современном этапе.

In article problems of occurrence of Kazakhstan in the World Trade Organization are considered. Foreign experience of pricing of agricultural production is studied. The main tasks of the state foreign trade policy at the present stage are defined.

ӨОЖ 631.185.109

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НЕСИЕЛІК СЕРІКТЕСТІКТЕРМЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЕСИЕЛЕУДІ ТАЛДАУ

ANALYSIS OF CREDITING OF AGRICULTURE CREDIT ASSOCIATIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Қамысбаев М.Қ.
M.K. Kamysbayev

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Мақалада Қазақстан Республикасындағы несиелік серіктестермен ауыл шаруашылығын несиелеуді талдау жүргізілген. Несиелік серіктестермен ауыл шаруашылығын несиелеу ерекшеліктері қарастырылған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеңілдігі бар кредит ресурстарын беру мүмкіндіктері негізделген.

Қазақстанның халық шаруашылығының ең негізгі маңызды саласы ауыл шаруашылығы халықты азық-түлік өнімдерімен, ал өңдеуші өнеркәсіпті қажетті ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығының еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орыны бар. Ауыл шаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Оған қоса, ел халқының жартысына жуығының әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтарымен тығыз байланыста. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан қаржылық көмек күшейтілді.

2011 жылдың I тоқсандық қорытындысы бойынша, реинвестицияланатын қаражаттар есебінен (алдында берілген несиелер бойынша өтелген қаражаттар), «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ жалпы сомасы 339,1 млн теңгені құраған 479 шағын несиелер берген. Қордың баспасөз қызметінің берген ақпаратына сәйкес, шағын несиелер мынадай мақсаттарға берілген: 82% - мал шаруашылығын дамытуға, 5% - өсімдік саласына, 13% - бизнестің басқа түрлерін дамытуға.

Фермер шаруашылықтарына ірі қара мал басын көбейтуге несие беру болып табылатын "Сыбаға" бағдарламасы бойынша, қормен меншікті қаражаты есебінен 100 млн теңге бөлінді, осы жылғы бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджет есебінен 1500 млн теңге бөлінеді.